

Төменде «Акселлект Қазақстан» ЖШС-нің (бұдан әрі – «біз») осы веб-сайтта cookie файлдары мен басқа да технологияларды қалай қолданатындығы жайлы ақпарат беріледі.

Осы веб-сайтқа кірген кезде, cookie файлдары диспетчерінің сұрағына жауап берерде, аталған файлдарды қолдануға өз келісіміңізді бересіз. Осылайша, сізбізге cookie файлдарын жариялап, өз құрылғыңызда баламалы технологияларды қолдануға рұқсат бересіз. Бұл мобильді құрылғыға да байланысты. Алдағы уақытта веб-сайтымызға мобильді құрылғыдан тағы да кіретін болсаңыз, құрылғының бірегей идентификаторы, мобильді құрылғының IP-адресі, құрылғының операциялық жүйесі, мобильді байланыс операторы, сіздің қай жерде жүргеніңіз жайлы ақпаратты (заң аясында белгіленген талаптарға сәйкес) алуға келісім бересіз.

Cookie файлдары деген не?

Cookie файлдары — қандай-да бір сайтқа кірген кезде, сіздің компьютеріңіз немесе мобильді құрылғыңызға жүктелетін шағын мәтіндік файлдар. Олардың көмегімен сайт сіздің құрылғыңыз жайлы ақпарат алады.

Неге біз cookie файлдары мен баламалы технологияларды қолданамыз?

Cookie файлдарының атқаратын міндеті көп. Мысалы, олар сайтты тиімді қолдануға көмектесе алады. Тұтынушының талап-тілектерін танып, соның нәтижесінде сайтты оңтайлы қолдану мүмкіндігін арттырады. Сондай-ақ, cookie файлдары веб- парақшаларда жарияланатын жарнама сіздің мүддеңізге мейлінше сәйкес келуін қадағалайды.

Біз cookie файлдарын маркетинг пен сараптама үшін қолданамыз ба?

Иә, біз cookie файлдарынан алынған ақпаратты қолданамыз. Соның арқасында, сіздің талап-тілектеріңізді сараптап, тиісті контент пен ұсыныстарды қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, cookie файлдарын заңмен рұқсат етілген басқа да мақсатта (төменірек көрсетілген) қолданамыз.

Біз қолданатын кейбір cookie файлдары сайттың тұтынушыларын идентификациялауға мүмкіндік беретін ақпаратты жинамайды. Мысалы:

- өндіріс жайлы мәлімет жинайтын cookie файлдары (төменде көрсетілген);
- таргетингке арналған cookie файлдары (төменде көрсетілген)

Кей жағдайларда біз cookie файлдарынан алынған ақпаратты (оған басқа сайттарда жарияланған біздің жарнамалық материалдардан алынған cookie файлдарынан алынған мәліметтер де кіреді) идентификацияланатын тұлғамен салыстырамыз. Мысалы:

- егер біз сізге веб-маяк, cookie файлдары немесе баламалы технологиялары бар жеке электронды хат жіберсек, ол хабарламаны ашқаныңызды, оқығаныңызды немесе өшіріп тастағаныңызды біле аламыз.
- сіз бізден жіберілген жарнамалық электронды хаттың ішіндегі сілтемеге бассаңыз, cookie файлдары арқылы біздің веб-сайтымыздан қандай контент жүктеп, қандай парақшаларды көргеніңізді біле аламыз
- **Бірігу және жекелеген мәліметтер анализі** – жоғарыда көрсетілгендей, біз ашық ақпарат көздерінен, түрлі электронды адрестер мен веб-сайттардан алынған мәліметтерді біріктіре аламыз. Нәтижесінде тұтынушымен арадағы қарым-қатынасты жақсы түсініп, құпиялық саясатымызда көрсетілген басқа да әрекеттерді іске асырамыз.

Өзге компаниялардан алынған cookie файлдарын қолданамыз ба?

Біз қолданатын cookie файлдарының кейбірі Google Analytics секілді өзге компанияларға тиесілі. Ол файлдардың көмегімен веб-анализдер жасап, біздің сайт жайлы ақпарат аламыз. Бағдарламалық код арқылы бұл компаниялар тұтынушылар мен біздің сайтпен арадағы өзара іс-әрекет жайлы ақпарат жинайды. Мысалы, тұтынушылар кірген парақшалар, басқан сілтемелер, сайтта қанша уақыт отырғаныңыз туралы да ақпарат болады. Бұл код тұтынушы біздің сайтқа кірсе ғана қолданылады. Аталған компаниялардың біздің атымыздан ақпарат жинап, оны қалай қолданатыны жайлы қосымша ақпаратты олардың құпиялық саясаты бөлімінен көре аласыздар:

[Google құпиялық саясаты](#)

Cookie файлдарынан айырмашылығы бар бақылау технологияларын қолданамыз ба?

Біз cookie файлдарынан басқа веб-маяктарды (конверсия пиксельдерін қоса) және басқа да баламалы технологияларды қолданамыз. Оларды өз сайтымызда, маркетингтік электронды хаттар мен электронды таратылымдағы хабарламалардың ашылған-ашылмағанын, сілтеменің басылғанын анықтау үшін қолданамыз. Веб- маяктар сіздің құрылғыңызда ақпарат жарияламайды. Олар веб-сайттағы белсенділік деңгейін бақылау үшін cookie файлдарымен қоса пайдаланылады. cookie файлдары жайлы төменде көрсетілген ақпарат та веб-маяктар мен баламалы технологияларға қатысты. Конверсия пикселі – кодтың шағын бөлшегі. Ол тұтынушы кірген веб-парақшада орналасқан. Конверсияны арттыру үшін қажет.

Егер мен cookie файлдарының жүктелуіне келісім бермесем?

Біздің сайтқа кірген кезде, сіз өз құрылғыңызға cookie файлдарының жүктелуіне келісім бересіз. Браузердің баптаулары арқылы өз құрылғыңыздан cookie файлдарын өшіре аласыз. Болашақта құрылғыңызға cookie файлдарының жүктелгенін қаласаңыз, браузер баптауларын өзгертуге болады.

Есіңізде болсын! cookie файлдарын жою немесе бұғаттау сіздің жұмысыңызға әсер етеді. cookie файлдарын бұғаттамасыңыз, біздің сайтқа кіргеніңізді немесе біз жіберген хаттағы сілтемеге өткеніңізді көрген жүйе, сізге файлдарды жіберетін болады. Оған дейін cookie файлдарын өшірген болсаңызда, бұл процесс жалғаса береді.

Cookie файлдарының тағы қандай түрлері бар? Сайтта олардың қайсысы қолданылады?

Сайтымызда қолданылатын барлық cookie файлдарының тізімі санаттарға бөлінеді. Толық тізім төменде көрсетілген. Осы санаттарға сәйкес, cookie файлдары сеанстық және тұрақты болып бөлінеді.

Сеанстық cookie файлдары уақытша. Браузер терезесі жабылған кезде, сіздің құрылғыңыздан жойылады.

Тұрақты cookie файлдары сіздің құрылғыңызда ұзақ уақыт бойы сақталады. Ол не үшін қажет? Біздің сайтқа қайта кірген кезде, сайт таныс құрылғыны бірден көреді.

Біз сеанстық және тұрақты cookie файлдарын қолданамыз.

Санаттар	Мысалдар
<p>Өндіріс жайлы ақпарат жинайтын cookie файлдары</p> <p>— сіз кірген веб-сайттың қолданылуы, сайтта өткізген сеанс туралы мәлімет. Мысалы, қандай парақшаларға жиі кіресіз, сол веб-парақшалардағы қателіктер туралы хабарламалар жіберіле ме? Бұл файлдар тұтынушыны идентификациялауға мүмкіндік беретін ақпарат жинамайды. Файлдар жинайтын барлық ақпарат анонимді. Басты мақсат – веб-сайттың жұмысын жақсарту.</p>	<p>Келесі cookie файлдарын өндіріс жайлы ақпарат жинайтын файлдар деп есептейміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сілтеменің көзі (ішкі парақша) — тұтынушының бұған дейін кірген парақшаның URL-адресін сақтау үшін қажет. Тұтынушылардың біздің сайттағы іс-әрекеттерін көруге мүмкіндік береді. • Сілтеменің көзі (сыртқы парақша, сонымен бірге әлеуметтік желілерден біздің парақшамыздағы сілтемелерге өту) — тұтынушыны біздің сайтқа әкелген сілтеменің URL-адресін сақтау үшін қажет. Осылайша, біздің парақшамызға кірген тұтынушылардың қайдан келгенін біле аламыз. • Сайтқа кіру тарихы — тұтынушы кірген парақшалар жайлы ақпаратты сақтау үшін керек. • Тіркелмеген тұтынушыға арналған cookie файлдары — сайтқа кірген әрбір тұтынушыға тағайындалатын бірегей идентификатор. Ол тіркелмеген тұтынушылардың біздің сайтқа қалай келгенін түсінуге көмектеседі. • Сеанстың cookie файлдары браузердің бір сеансы аралығында тұтынушылардың біздің сайттардағы әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді. Браузер сеансы тұтынушы браузер терезесін ашып, біздің сайтқа кірген уақыттан басталады. Біздің сайттан шығып, браузер терезеін жапқанда сеанс аяқталады. Сеанстық cookie файлдарымыз уақытша. Браузер жабылғаннан кейін олар жойылады.

Таргетингке арналған cookie файлдары

— бұл cookie файлдары не үшін қолданылады?

(1) сіздің талап-тілегіңізге сай келетін жарнаманы көрсету үшін; (2) сізге көрсетілетін жарнаманың көлемін шектеу үшін;

(3) жарнамалық науқандардың тиімділігін бағалау үшін;

және (4) жарнаманы көріп болған тұтынушылардың жәй- күйін түсіну үшін.

Бұл файлдар әдетте сайт операторының рұқсатымен жарнамалық желілер атынан жарияланады. Бұл файлдарда сіздің сайтқа кіргеніңіз жайлы ақпарат сақталады. Сонымен қатар, өзге ұйым сайтының қаншалықты тиімді жұмыс істейтіндігі жайлы мәлімет болады.

Біз өз сайтымызда өзге компаниялардың жарнамасын жарияламаймыз. Сол себепті, біз cookie файлдарын жарнама жариялау үшін емес, сайт жайлы аналитикалық мәлімет жинау үшін қолданамыз.

Келесі cookie файлдары таргетинг үшін қолданылады:

- Аналитикалық ақпаратты алып, оны зерттеуге мүмкіндік беретін cookie файлдары;
- Өзге компаниялардың cookie файлдары. Таргетингке арналған cookie файлдары өзге компаниялардың веб-парақшаларында да таргетинг үшін қолданылады алады. Ол компаниялар файлдарды біздің парақшамызда төмендегідей қолдана алады:

— Әлеуметтік желілер – әлеуметтік желілер саналатын өзге сайттар сіз жайлы ақпарат жинауы мүмкін. Бұл сіздің сайттағы әрекеттеріңіз жайлы ақпарат. Мысалы, біздің сайтта орналасқан «Қосу» немесе «Ұнады» деген батырманы бассаңыз. Біз мұндай сайттардың жұмысын бақыламаймыз. Ол әлеуметтік желілер жайлы ақпаратты олардың сайттарынан табуға болады. Сайттарға кірмес бұрын, оларды қолдану шарттарымен және құпиялық саясатымен танысуға кеңес береміз.

— Бізге тиесілі емес сайттардағы біздің жарнама — cookie файлдары бізге тиесілі емес сайттарға шыға алады. Егер тұтынушы басқа сайтта жарияланған біздің жарнамаға басса, біз ол жөнінде ақпарат аламыз. Ол біздің жарнамамыздың тиімділігін бағалау үшін қажет.

Куки файлдарын қолдану саясаты Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Заңының ережелеріне, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігінің Бұйрығымен бекітілген дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларына, сондай-ақ осы түрдегі құжаттарды дайындаудың қалыптасқан тәжірибесіне сәйкес әзірленген.

Егер біздің сайтқа қатысты сауалдарыңыз немесе түінбеген ақпарат болса, [электронды пошта](#) арқылы хабарласуыңызға болады.